

## **Инвестициялық ахуалды жақсарту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 31 желтоқсан N 593

Инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту, сыртқы сауда үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін:

"Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына оны Бүкілдүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес келтіру үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін:

импортталатын және экспортталатын тауарларға Қазақстан Республикасына келгенге дейін оларға алдын ала кедендік ресімдеу, ішінара кедендік тексеру жүргізу ресімдерін белгілесін;

экспортталатын тауарлар үшін шығу тегін шектейтін сертификаттың міндетті талаптарын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін;

кеден органдарының факстерді қабылдау тәртібі туралы нұсқаулық және кедендік мақсаттарға қажетті құжаттардың көшірмелерін, түпнұсқаларымен бірге шығарсын;

кеден ережелері мен рәсімдеріне енгізілген барлық өзгерістер туралы республикалық ай сайынғы хабаршы шығаруды жалғастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Бас прокуратурасымен келісіп 1997 жылдың 1 наурызына дейін шет ел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуі мен болуын оңайлатуға қатысты қолданылып жүрген нормативтік актілерді өзгерту жөнінде ұсыныс енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп 1997 жылдың 1 сәуіріне дейін экспорт-импорт лицензиясына жататын тауарларға лицензиялар беру тәртібін жеңілдету туралы қаулының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1997 жылдың 1 ақпанына дейін орталық және жергілікті атқарушы органдар көрсететін қызмет үшін, көрсетілген қызметтердің өзіндік құнына негізделуге тиіс, төлем жасауды көздейтін қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына

енгізсін;

өнім және табиғи монополиялар қызметін тұтынушыларға ұсынылған тарифтік ставканы талқылауға мүмкіндік беретін көпшілік тыңдаулар өткізу рәсімдерін белгілесін;

1997 жылдың 1 маусымына дейін табиғи монополиялар қызметіне, олар көрсеткен қызметтер құнын реттеуге негізделген, баға қоюды жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

5. Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігі:

1997 жылдың 1 сәуіріне дейін қолданылып жүрген құрылыс нормалары мен ережесіне, 1998 жылдан бастап оларды енгізуді ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін;

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетімен бірлесіп, 1997 жылдың 1 маусымына дейін құрылыс саласындағы стандарттарға, Қазақстан Республикасында 1993 жылдан бастап халықаралық стандарттар енгізуді ескере отырып, өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсынысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынсын.

6. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті бір ай мерзім ішінде халықаралық талаптарға сәйкес стандарттардың үйлесімділігі мен сертификаттық жүйесі жөнінде ұсыныс әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

Премьер-Министр